**«6D050400 - Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Саягул Кабылбековна Алимбекованың «Медиа тәуелділік: себептері мен салдарлары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

# РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/н № | Өлшемшарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);<br>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. | Диссертациялық жұмыс ғылым мен мемлекеттік бағдарламалардың білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет және ақпарат салаларындағы басым бағыттарына сәйкес келеді.<br>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының келесі мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес орындалған:<br>- Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы)<br>7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер бағытына сәйкес келеді;<br>- Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы Жарлығымен бекітілген);<br>- Қазақстан Республикасында 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 19 маусымдағы №93-VIII Қаулысы); |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2025-2027 жылдарға арналған «Мәдениет және ақпарат саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» бағдарламасы (2025 жылғы 10 қаңтар).<br><br>- «6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.<br><br>- Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №832 қаулысы.<br><br>- Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» атты ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді. |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған. | Диссертант С.К. Алимбекованың «6D050400 - Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Медиа тәуелділік: себептері мен салдарлары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады. Ғылыми-зерттеу жұмыс медиа тәуелділік, соның ішінде жаңа медиа тәуелділік және медиакоммуникация, медиа білім беру, ақпараттық сауаттылық, медициналық журналистика, ақпараттық инфаркт, сыни ойлау, медиа диета, медиа гигиена, медиа |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | экология, цифрлық детокс, цифрлық маска, медиа дофомин, инфодемия теориялары мен практикасын дамытуға зор үлес қосады. Жаңа цифрлық дәуірдегі әлемнің және Қазақстанның медиа нарық эволюциясы мен ақпарат кеңістігінің трансформациясын зерттеп-зерделеу арқылы бүгінгі цифрлық дәуірдегі медиа индустрияның бет-бейнесі мен рөлін анықтауға сүбелі үлес қосады. Зерттеу жұмысының маңыздылығы ашылған. Медиаиндустриядағы негізгі жаһандық трендтер мен цифрлық сын-қатерлерді медиа тәуелділік тұжырымдамасы негізінде талдап, саралап, сипаттама береді. Медиа тәуелділік теориясының отандық дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында, жаңа медиа және коммуникация алаңында қалыптасқан көрінісін, айырмашылықтарын салыстыра отырып талдау жасайды. Медиа тәуелділіктің себептері мен салдарын анықтап, оның бүкіл адамзат болмысына әсерін, адамның ой-санасына, қоғамдық пікірге ықпалын нақты тұжырымдармен, дәлелдермен, деректермен көрсетеді. Ізденуші ғылыми зерттеу жұмысында медиа тәуелділік ұғымы аясында жаңа медиа құралдарының және онлайн платформаларының адамзаттың дамуы мен қоғамға ықпалын зерделеуде журналистика, коммуникация, әлеуметтану, медиалингвистика, психология салаларын қоса қамтыған. Медиа тәуелділік тұжырымының теориялық-әдістемелік негіздерін ұсынуда алыс-жақын шетелдік және отандық авторлардың, ғалымдардың, сарапшылардың, зерттеушілердің ғылыми еңбектерін молынан қолданып, тәжірибелі журналистердің, медиа саласы мамандарының, медиа контент авторларының еңбектерін негізге алады. Медиа тәуелділік теориясы негізінде «технологиялық детерминизм», «фрейминг», «дофомин», «FOMO» ұғымдарына сонымен бірге, медиа |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | тұтынушылардың белсенділігін және таңдауларын сипаттайтын «Uses and Gratifications» коммуникация теорияларына және жаңа медиа құралдарының пайда болуымен қатар медиа алаңда қолданысқа енген жаңа ұғымдарға: «New Media Dependency», «медиа детокс», «медиа гигиена», «ақпараттық диета», «ақпараттық инфаркт», «ақпараттық семіздік», «медиа экология», «цифрлық маска», «жеке бренд», «Google эффектісі немесе «дижитал амнезия», «блогер», «инфлюенсер» ұғымдарына теориялық талдау жүргізу арқылы, диссертация жұмысында аталған ұғымдардың медиа ресурстардағы көрінісі, ерекшеліктері қоғамдық санаға ықпалы және медиа тұтынушыға тигізер салдары жан-жақты сараланған. Жастардың медиа тұтыну себептерін және медиаға тәуелділік салдарын анықтау мақсатында Қазақстан және АҚШ студент жастары арасында сауалнама жүргізіп, салыстырмалы талдау ұсынуы - ғылыми жұмыстың маңызды жаңалығы және диссертанттың ғылымға қосқан үлкен үлесі деп есептеймін. Сонымен қатар медиа ресурс контенттеріне, атап айтқанда «Egemen Qazaqstan» интернет басылымы, «Aikyn.kz» сайты, «Ztb.kz» желілік (инстаграм) басылымы, «Dala INSIDE» (БАҚ ретінде тіркелген жалғыз телеграм канал) телеграм каналына контент талдау жасалған. Медиа кеңістіктегі инфодемия көрінісі, әлеуметтік желілер мен инфлюенсерлердің ақпарат таратудағы рөлі зерделенген. Бұл зерттеу жұмысының нәтижелері теориялық тұжырымдарды нақтылап қана қоймай, медиа тәуелділік теориясының Қазақстанның кейінгі жылдардағы медиа кеңістіктегі динамикасы мен медиа ресурстардың қоғамға ықпалы тәжірибесіне қатысты тың эмпирикалық деректерді ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | маңызы - оның нәтижелерін «COVID-19» пандемиясынан кейін Орталық Азияда қолға алынған алғашқы Ғылыми және медициналық журналистика мектебі жұмысының отандық бағытында, Қазақстандағы журналистика, интернет медиа, медиакоммуникация, медиалингвистика және әлеуметтік ғылымдар саласындағы мамандарды даярлау үдерісінде, сондай-ақ медиа білім беру мен сыни ойлау, ақпараттық сауаттылық, медиа гигиена, медиа тәуелділік тақырыптарын кәсіби және этикалық тұрғыдан жариялау стандарттарын қалыптастыруда қолдануға болады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>**1) жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған. | Диссертациялық жұмыс автор тарапынан жоғары деңгейде орындалған. Ғылыми-зерттеу жұмысында авторлық көзқарас бар және зерттелген ғылыми әдебиеттерге, сарапшылар зерттеулеріне сыни тұрғыдан қарау көрініс алады. Келтірілген деректерге сапалық талдау жасалып, нәтижелерге автор өз тұжырымдарын ұсынады. Диссертанттың ғылыми ізденістегі жоғары дербестік деңгейі бірнеше аспектілермен дәлелденеді: қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі арнайы әдебиеттерге, зерттеу нәтижелеріне кешенді шолу жасалуы, медиа тәуелділік теориясы негізінде дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа ресурстарының басымдықтары мен ерекшеліктеріне, онлайн платформалардың медиа ықпалына эмпирикалық зерттеу жүргізілуі, алынған деректерге сапалық талдау жасалып, нәтижелерге авторлық өз тұжырымдарының ұсынылуы. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері бойынша отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда жарық көрген 13 ғылыми мақала бұл жұмыстың ғылыми салмағының құндылығы мен автордың зерттеуге белсенді қатысуын айғақтап, дәлелдейді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) **негізделген;**<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | Зерттеу жұмысының өзектілігі негізделген. Біріншіден, ол Қазақстандағы мемлекеттік бағдарламалардың білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары, медиакоммуникация, мәдениет және ақпарат, құқықтық журналистика, әлеуметтік журналистика салаларындағы басым бағыттарымен үндес келеді. Екіншіден, әлемдік медиатрендтерге сәйкес, жаңа медиаға тәуелділікті талдау және олардың медиа кеңістіктегі себептері мен салдарын зерттеп, анықтау цифрлық коммуникациялар этикасын қалыптастыруға, азаматтық журналистиканың оң бағытта дамуына және «Халық үнін естуші мемлекет» тұжырымдамасына, Әділетті Қазақстанды құруға, отандық масс-медианың әлеуетін арттыруға, мемлекеттің ақпараттық дербестігін нығайтуға ықпал етеді. Үшіншіден, бұл жұмыс Қазақстан және Америка жастарының медиа тәуелділік себептері мен салдарын алғаш рет кешенді түрде қарастыра отырып, отандық масс-медиа саласына жаңа әдіснамалық және практикалық бағдар беруімен құнды. Осы тұрғыдан алғанда, бұл диссертациялық зерттеу цифрлық жаңа дәуірдегі медиа тәуелділіктің себептері мен салдарын өзгеше қырынан пайымдап, адамзаттың болмысына және қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпалын анықтайды. Зерттеу нәтижелері жаңа цифрлық әлем тәртібін қалыптастыруда, цифрлық кеңістіктегі жаңа медиа этикасын құруға, медиа контенттердің мазмұны мен жауапкершілігін ұлғайтуда, медиа тәуелділікпен күрес және медиа білім беру, ақпараттық сауаттылықты дамытуда, журналистер, блогерлер, цифрлық контент авторлары мен медиа өнім өндірушілерінің жауапкершілігін арттыруда, медиа иммунитетті қалыптастыруда маңызды құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Инфодемия жағдайындағы ақпаратты тұтынушы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | халықтың медиаға деген сенімінің жоғалуы, цифрлық дәуірдегі медиатұтыну әдеттерінің өзгеруі мен ақпарат тұтынушылар талаптарының жаңа сипат алуы, медианың реновациясы, дәстүрлі БАҚ пен жаңа медианың ақпарат ұсыну тәсілдерінің өзгешелігі, медиа ресурстарының алуандығы, ақпарат ағынының артуы, жаңа медианың интеграциясынан туындаған медиа-экожүйенің терең өзгерістері адамзаттың жалпы болмысына айырықша әсер етіп отыр. Осы тұрғыда, медиаменеджерлер мен медиа индустрия өкілдері классикалық медиа платформадан цифрлық медиа-экожүйеге дейінгі медиа трендтерді меңгеріп, цифрлық медиа және техно-әлеуметтік өмірдің болашағы үшін сапалы контент жасап-ұсынуы, медиа сауаттылық пен цифрлық гигиенаны дамытудың озық тәсілдерін меңгеруі маңызды. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) **айқындайды;**<br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толықтай айқындайды. Ізденуші медиа тәуелділіктің себептері мен салдарларын толықтай зерделей отырып, медиа кеңістіктегі медиа тәуелділік теориясына қатысты барлық негізгі аспектілерді толық қамтыған. Ғылыми жұмыста медиа тәуелділіктің себептері ақпараттық даму кезеңінің инфотейнмент, эдютейнмет және инфорториал сияқты тұжырымдарына сай ерекшеленетінің және сәйкесінше әлеуметтік, психологиялық, физиологиялық салдарының да түрленгенін нақты дәлелдермен көрсеткен. Медиа тәуелділік адамзат болмысын өзгеріске ұшырататын құбылыс ретінде қарастырылып, медиа кеңістіктегі ақпараттың шамадан тыс жүктелуінің қоғамдық санаға кері әсері көрсетілген. Бірінші бөлімде медиа тәуелділік тұжырымының теориялық-әдіснамалық негіздері ұсынылып, олардың мәні, құрылымы мен функциялары талданған. Цифрлық кезеңдегі дәстүрлі БАҚ және жаңа медианы қолдану мәдениеті зерделенген. Әлемдегі ірі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | оқиғалар: «АҚШ-тағы 11 қыркүйек оқиғасы», «COVID-19» пандемиясы мысалында медиа тәуелділік тұжырымына түсініктеме берілген. Медиа тәуелділіктің әлеуметтік желілердегі көрінісі мен сипатына талдау жасалған. Медиа тәуелділік ұғымының дамуы мен қазақстандық медиа контексіндегі Uses and Gratifications, Technological Determinism, New Media Dependency теорияларына сипаттама беріп, медиа тәуелділікті адамзат алдындағы үлкен мәселе деп көрсетеді. Екінші бөлімде отандық медиа кеңістіктегі медиа тәуелділік себептері мен салдарлары зерттеліп, зерделенген. Қазақстандағы медиа тұтыну мәдениеті мен жастардың медиа әдеттеріне талдау жасалған. Медиа тәуелділіктің әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық салдары сипатталған. Қазақстандағы онлайн медиалар мен Telegram-арналар материалдарына, Instagram желілік басылымының ақпараттарына контент-талдау жүргізіліп, медиа тәуелділік тұжырымына баға беріліп, авторлық тұжырымдарын ұсынған. Медиа тәуелділік тұжырымы негізінде онлайн платформалардың қоғамдық резонанс тудырушы күшіне сипаттама беріліп, Қазақстан қоғамындағы нақты мысалдардан деректер келтіріп дәлелдейді. Сонымен қатар қоғамдағы ақпараттық манипуляция мен медиа контент ықпалына тұжырымдар жасалған. Үшінші бөлімде эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған: АҚШ-тағы медиа тұтыну мен қарсы стратегияларға сараптама жасайды. Америка бойынша ғана емес, сонымен бірге Ұлыбритания, Қытай елдеріндегі халықаралық тәжірибелерден нақты мысалдар берілген. Ақпараттық сауаттылықты дамыту бойынша әлем елдерінің тәжірибесімен бөлісіп, осы жолдағы мемлекеттік саясат ұстанымын зерделейді. Әлем елдері бойынша медиа тәуелділікпен күрес жолында және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ақпараттық сауаттылықты арттыру мақсатында атқарылып жатқан шараларды зерттеп, зерделей отырып автор тәуелділіктің алдын алу жолында өз тұжырымдарымен бөліседі. Медиа тәуелділіктің себептері мен салдарын анықтау мақсатында жүргізген Қазақстан мен АҚШ студенттері арасында сауалнама екі ел жастарының медиа тәуелділік көрінісіне баға беруге, салыстырмалы талдау жасауға және жастар арасындағы медиа тәуелділіктің айырмашылығы мен ұқсастықтарына анықтама жасауға мүмкіндік берді. Қорытынды бөлімде зерттеу барысында алынған ғылыми тұжырымдар логикалық тұрғыдан негізделген, дәлелді және жұмыстың өзектілігі мен ғылыми маңыздылығын нақты көрсетеді. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: | Зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстан қоғамының медиа тәуелділік себептері мен салдарларын кешенді түрде талдау. Бұл бағытта медиа тәуелділікке ықпал ететін негізгі факторлар, аудитория сұранысы, медиа тұтынушылардың дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа ресурстарды және медиа контенттерді қолдану ерекшеліктері, олардың медиаға стратегиялық әсері, әлеуметтік желілерді қолданушылардың қызығушылығы, медиа этиканың бүгінгі жай-күйі, жаһандық контексте медиа трендтер басты назарда болады. Міндеттердің барлығы зерттеу жұмысына қойылған мақсатпен тығыз байланысты және зерттеу мақсатын жүзеге асыруға, яғни Қазақстанның медиа кеңістігіндегі медиа тәуелдік себептері мен салдары түсініктемесі кәсіби, этикалық және әдістемелік тұрғыдан зерделеніп, алға қойған міндеттер межесіне жеткен. |
| | | 1) **сәйкес келеді;** | |
| | | 2) ішінара сәйкес келеді; | |
| | | 3) сәйкес келмейді. | |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: | Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы жүйелі құрылып, логикалық жағынан толық байланысқан. Жұмыстың барлық құрылымдық бөлімдері арасында ішкі біртұтастық пен қисынды сабақтастық сақталған. Бұл |
| | | 1) **толық байланысқан;** | |
| | | 2) ішінара байланысқан; | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) байланыс жоқ. | зерттеуде алға қойылған мақсат пен міндеттердің нақты тұжырымдалуына, гипотезаның дұрыс құрылуына және алынған нәтижелер мен қорытындылардың негізделуіне ықпал еткен. Жұмыстың ғылыми нәтижелері бір-бірімен қабыса байланысады. Зерттеу кезеңдерінің бірізділігі нақты сақталған. Зерттеудің әр бөлімі келесі тарауға логикалық түрде ұласады, медиа тәуелділіктің Қазақстан және әлемдік медиа кеңістікте, соның ішінде дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа реурстарда, онлайн платформаларда, әлеуметтік желілерде көрініс табуы нақты зерделеніп, тұтас ғылыми жүйе қалыптасқан. Автордың ұсынған тұжырымдары мен ғылыми нәтижелері жұмыстың жалпы құрылымымен тығыз байланысуы, зерттеудің мазмұнды толықтығын қамтып, диссертацияны толыққанды ғылыми еңбек ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) **сыни талдау бар;**<br>2) талдау ішінара жүргізілген;<br>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;<br>4) талдау жоқ. | Диссертациялық жұмыста автор ұсынған шешімдер, жаңа әдістер мен қағидаттар, теориялық тұжырымдар бұған дейінгі ұсынылған деректерге сәйкес салыстырмалы зерттеулерге ұласып, дәлелді түрде негізделген. Зерттеуші тарапынан жасалған ғылыми тұжырымдар мен сыни талдаулар бар. Автор медиа тәуелділіктің дәстүрлі БАҚ-тағы көрінісіне, жаңа медиа ресурстардағы және онлайн платформалардағы көрінісіне, әлеуметтік желілердегі сипатына сыни тұрғыда сараптама жасап, олардың қоғамдағы орнына баға берген. Осы ғылыми жұмысқа дейін ғалымдар мен зерттеушілер, сарапшылар ұсынған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сыни-талдауларынан өтіп отырады. Зерттеу барысында жүргізілген Қазақстан мен АҚШ жастары арасындағы сауалнама авторға екі ел арасындағы медиа тұтыну деңгейі мен сипаты бойынша ұқсастықтар мен айырмашылықтарды кешенді түрде салыстырмалы талдауға, тәуелділік ерекшеліктері мен медиа тұтыну |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | айырмашылықтарына анықтама жасауға мүмкіндік береді. Медиа тәуелділікпен күрес жолдары ғылыми тұжырымдар негізінде көрсетіліп, медиа білім беруді, ақпараттық сауаттылықты, сыни ойлауды, цифрлық гигиенаны қалыптастыру қажеттілігінің осы кезеңде туындағандығын ғылыми негізде дәлелдеп көрсетеді<br>Бұл өз кезегінде, медиа тәуелділіктің алдын алу, медиа тұтынудың жағымды мәдениетін қалыптастыру, ақпараттық сауаттылықты арттыру және жастар арасында медиа гигиена және ақпараттық диета тәсілдерін ұсыну үшін ғылыми негіз болады. Автор зерттеу аясында ұсынған әдістемелік тәсілдер қазіргі медиа-коммуникациялық тәжірибеде қолдануға тиімді әрі алдағы уақытта осы салада жүргізілетін зерттеулердің әдістемелік базасын кеңейтуге мүмкіндік береді. Цифрлық дәуірдегі жаңа медиа тәуелділікті жаңаша қырынан зерттеуге жол ашады әрі жүйелі зерттеулер жүргізу қажеттігін байқатады. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Ізденуші С.К. Алимбекованың диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелері мен ережелері толығымен жаңа немесе ішінара жаңа сипатқа ие екенін көрсетеді:<br>1-**нәтиже.** Автор медиа тәуелділік теориясына анықтама ұсынды. **Нәтиже ішінара жаңа,** себебі бұған дейін ұсынылған ғылыми анықтамалар негізінде жаңаша талдау жасалған. **2-нәтиже.** Медиа тәуелділік тұжырымына сай автор жаңа медиа ресурстардың контенттеріне талдау жасап, оларға деген аудиторияның сенімділігін анықтап, кәсіби стандарттар сай құрылымдық талдау ұсынды. **Нәтиже толығымен жаңа**, себебі отандық жаңа медиа ресурстарына мұндай кешенді сараптама алғаш рет жүргізіліп отыр. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | **3-нәтиже.** Әлеуметтік желілердің медиа коммуникациядағы орны медиа тәуелділік тұжырымына сай қарастырылып зерттелді. **Нәтиже толығымен жаңа**, себебі бұған дейін әлеуметтік желілер ақпараттық медиа құралдары ретінде қарастырылған жоқ. Бұл нәтиженің ғылыми және практикалық маңызы бар.<br>**4-нәтиже.** Инфлюенсерлердің цифрлық кезеңдегі жұмысы медиа тәуелділік тұжырымы негізінде зерделенді. **Нәтиже толығымен жаңа,** себебі медиа кеңістіктегі инфлюенсерлердің орны мен медиа саласындағы ықпалы алғаш рет осы диссертация жұмысында кешенді зерттелді.<br>**5-нәтиже.** Онлайн платформалар арқылы қоғамдық резонанс тудырушы күштің медиа тәуелділікке ықпалы сипатталды. **Нәтиже толығымен жаңа**, зерттеуге ғылыми-практикалық үлес қосады.<br>**6-нәтиже.** Автор жасаған зерттеулер Қазақстандағы медиа тәуелділік тұжырымы көңіл көтеру, ойын сауық, шоу-бизнес тақырыптары, музыкалық трендтер мен челенджлер арқылы сипатталатыны анықталды. **Нәтиже толығымен жаңа,** себебі медиа тәуелділік тұжырымдамасы негізінде осы диссертацияда алғаш рет цифрлық медиа, әлеуметтік желілер жарияланымдарына контент талдау жасалып, ғылыми айналымға енді.<br>**7– нәтиже**. Қазақстан және АҚШ жастары арасындағы медиа құралдарын қолдану және ақпарат тұтыну ерекшеліктерін анықтауда сауалнама жүргізіліп, салыстырмалы талдау жасалды. Сауалнама нәтижелері ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. **Нәтиже толығымен жаңа,** себебі Қазақстан және АҚШ студенттері арасында сауалнама жүргізіп, салыстырмалы зерттеулер жасау осы зерттеу жұмысында бірінші рет жүзеге асып отыр. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | **8-нәтиже.** Қазақстанның және шетелдің медиа тәуелділікпен күрес ерекшеліктері мен алдын алу тәжірибелері топтастырылып, қоғамның медиа тұтыну мәдениеті мен медиа әсері арасындағы байланысы анықталды. **Нәтиже толығымен жаңа**, себебі отандық медиа индустрияны дамытуға басымдық берілгенімен, оның салдары назарға алынған жоқ. Автор медиа тәуелділікпен күрес жолдарын ұсынып, медиа сауаттылықты дамыту, ақпараттық гигиенаны арттыру, сыни ойлау қажеттілігін назарға ұсынады. Бұл ұсыныстардың ғылыми әлеуеті басым. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарының ғылымға қосар құндылығын медиа тәуелділік теориясының отандық журналистикада тұңғыш рет зерттеліп отырғандығымен байланыстыруға болады.<br>**9-нәтиже**. Жаңа медиа кезеңіндегі медиа тәуелділіктің себептері мен салдарлары анықталды. Медиа тәуелділікке әсер ететін факторлар жүйеленіп, әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық салдары сипатталды. **Нәтиже ішінара жаңа**, себебі бұрын ұсынылған ғылыми анықтамалар негізінде жаңаша талдау жасалған. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);**<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары толығымен жаңа мазмұнға ие. Тараулардың әрбір қорытындысында жеткілікті түрде жасалған ғылыми талдаулар бар. Ғылыми жаңалық ретінде медиа тәуелділікке ықпал ететін негізгі факторлар, медиа тұтынушылардың дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа ресурстарды және медиа контенттерді қолдану ерекшеліктері, медиа тәуелділіктің қоғамға және адам болмысына әсері нақты мысалдар арқылы дәлелденіп, тұжырымдар жасалды. Ақпараттық инфаркт, «FOMO» (Fear of Missing Out) құбылысына, «Троллинг» немесе |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | «онлайн агрессия» ұғымдарының қауіптілігі сараланды. Сонымен бірге, зерттеу барысында отандық және шетелдік медиа ресурстарындағы медиа тәуелділік тұжырымдарына салыстырмалы талдау жасалып, кешенді теориялық және практикалық талдау берілді. Қазақстан мен АҚШ жастарының медиа қолдану деңгейі алғаш рет салыстырыла зерттеліп, кешенді түрде ғылыми тұжырымдар жасауға негіз болды. Автор ұсынған тұжырымдар мен әдістемелер жаһандақ медиатрендерді түсінуге және медиа тәуелділіктің алдын алу, медиа білім беру, ақпараттық сауаттылықты дамыту, цифрлық гигиенаны қалыптастыру және ақпараттық диетаны іске асыруға мүмкіндік береді.<br>Диссертациялық жұмысты қоғамдағы медиа тәуелділікті зерттеуге арналған алғашқы ғылыми жұмыс және осы салада зерттеулер жүргізуді жалғастыруға жол ашқан журналистика, коммуникация саласындағы үлкен ғылыми жаңалық ретінде бағалауға болады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Техникалық, технологиялық шешімдер диссертация тақырыбының қазіргі әлеуметтік өзгерістер аясындағы өзектілігімен және маңыздылығымен сипатталады Жұмыстың техникалқ, технологиялық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Зерттеуде ұсынылған ғылыми шешімдер – медиа тәуелділіктің алдын алу, ақпарат сауаттылықты дамыту, медиа білім беру, ақпараттық гигиена мен цифрлық диета ұстану, қоғамдағы коммуникациялық өзгерістерді бағалаудағы, медиа контенттерді сапалық дамыту, мазмұн ұсынудағы этикалық ұстанымдар мен журналистік әдістер – қазіргі цифрлық медианың трансформациясына сай келетін, тың, әрі теориялық және практикалық жағынан негізделген ұсыныстар. Автор ұсынған тәсілдер медиа тәуелділіктің алдын алуға, медиа контенттерді кәсіби тұрғыда |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жариялауға және медиа ресурстардың сенімділігін арттыруға, сыни ойлауға мүмкіндік береді. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген әрі жеткілікті дәлелдерге сүйенеді. Автор қорытындыларға дербес ғылыми ізденіс нәтижесінде қол жеткізген. Зерттеу барысында сенімді ғылыми дереккөздерге, оның ішінде қазақстандық және шетелдік зерттеулерге, медиа контенттерге, сондай-ақ Қазақстан мен АҚШ студенттері арасында жүргізілген салыстырмалы зерттеулер мен сауалнамалар нәтижелеріне сүйенген. Сонымен қатар, сапалық зерттеу әдістері (контент-талдау, дискурстық талдау, сұхбат әдісі) қолданылып, алынған деректер жан-жақты сарапталған. Бұл зерттеу жұмысының нәтижелерін ғылыми тұрғыда сенімді әрі практикалық мәні бар деп бағалауға мүмкіндік береді. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>1) **дәлелденді;**<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді;<br>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) **жоқ;**<br>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.<br>7.3 Жаңа ма? | Диссертацияда қорғауға ұсынылған негізгі 4 ереже, тезистер түрінде тұжырымдалды:<br>**1-тұжырым:**<br>Зерттеу нәтижелері жас буын арасында сыни ойлау мен ақпараттық талғамды арттырудың қажеттілігін дәлелдеді.<br>7.1 Дәлелденді<br>7.2 Тривиалды емес<br>7.3 Жаңа<br>7.4 Қолдану деңгейі кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген<br>**2-тұжырым:** Қазақстан жастары арасында медиа сауаттылық пен ақпараттық гигиена мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселе.<br>7.1 Дәлелденді<br>7.2 Тривиалды емес<br>7.3 Жаңа |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) **ия;** | 7.4 Қолдану деңгейі кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген<br>**3-тұжырым:** Дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа ресурстардың контенттеріне мазмұндық жетілдіру қажеттілігі бар.<br>7.1 Дәлелденді<br>7.2 Тривиалды емес<br>7.3 Жаңа<br>7.4 Қолдану деңгейі кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген<br>**4-тұжырым**: Медиа тәуелділіктің алдын алу медиа ресурстарының контентке жауапкершілікпен, сыни ойлау және этикалық тұрғысынан келсе ғана мүмкін болады.<br>7.1 Дәлелденді<br>7.2 Тривиалды емес<br>7.3 Жаңа<br>7.4 Қолдану деңгейі кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген |
| | | 2) жоқ; | |
| | | 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.4 Қолдану деңгейі: | |
| | | 1) тар; | |
| | | 2) орташа; | |
| | | 3) **кең** | |
| | | 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. | |
| | | 7.5 Мақалада дәлелденген бе? | |
| | | 1) **ия;** | |
| | | 2) жоқ | |
| | | 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: | Зерттеу әдіснамасы нақты жазылған әрі жан-жақты сараланған, оған медиаконтенттерді сапалық талдау кезеңдері, қазақстандық БАҚ-тағы жарияланымдарға контент-талдау, Қазақстан мен АҚШ студенттері арасында салыстырмалы талдау жасау мен сауалнама жүргізу кіреді. Автор зерттеу тақырыбының ерекшелігіне сәйкес бұл әдістерді таңдаудың қисындылығын негіздейді – медиа тәуелділіктің себептері мен салдарларын зерттеу тек медиаконтенттерді сапалық талдаумен шектелмей, сонымен қатар медиа индустриясы өндірісінің контекстін, редакциялық саясатты және Қазақстан мен АҚШ студенттерінің медианы қолдану ерекшеліктерін ескеру қажеттігін көрсетеді. Зерттеудің дереккөздері мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі жоғары. Зерттеудің теориялық негізін медиа, жаңа медиа, коммуникация, әлеуметтану және психология салаларындағы отандық |
| | Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 1) **ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | және шетелдік ғалымдардың еңбектері, соның ішінде М.Дефлер, кейін Д.Кэри, Э. Ноэль-Нойман, М.Маклюэн, Н. Постман, Л.Уилсон идеялары құрайды. Бұл таңдалған әдістің ғылыми негізділігін дәлелдейді. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: | Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық еңбектері, сарапшылар мен зерттеушілердің ғылыми пікірлері, Қазақстандағы онлайн платформалардың, шетелдік масс-медианың өнімдері және әлеуметтік желілерде жарияланған контенттердің катары құрайды. Әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдана отырып автор медиа контенттерге сапалық және сандық контент-талдау жасаған, медиа ресурстар контекстінде медиа тәуелділік теориясын қолданған. Сонымен қатар, Қазақстан және АҚШ студенттері арасында жүргізілген сауалнамалар нәтижелеріне сүйенген. |
| | | 1) **ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): | Зерттеу барысында медиа тәуелділіктің себептері мен салдарларының цифрлық трансформацияның сын-қатерлеріндегі ықпалын, жаһандық трендтер контексіндегі ұлттық медиа кеңістіктің тұрақтылығына әсерін негізге алып біршама маңызды теориялық тұжырымдар жасалған. Автор медиа тәуелділік, медиа білім беру, ақпараттық сауаттылық, ақпараттық гигиена, цифрлық диета, цифрлық маска, ақпараттық детокс, FOMO теориялары негізінде медиа контентті талдаудың үлгілерін ұсынды, медиа тәуелділік себептері мен салдарлары интерпретациясына әсер ететін психологиялық, әлеуметтік, физиологиялық факторлар және ақпараттық талғам мен сыни ойлауды арттырудың қажеттілігін, медиа иммунитет қалыптастырудың, медиа сауаттылық пен ақпараттық гигиена мәдениетін дамытудың өзектілігі, дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа |
| | | 1) **ия;** | |
| | | 2) жоқ. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ресурстардың контенттеріне мазмұндық жетілдіру қажеттілігінің маңыздылығы, медиа тәуелділікпен күрес және ақпараттық семіздіктің алдын алу, медиа ресурстарының контенттерге жауапкершілігін арттыру сияқты ішкі және сыртқы ықпалдарды, Қазақстанның жаһандық ақпараттық экожүйедегі стратегиялық ұстанымының маңыздылығын анықтады. Зерттеу нәтижесінде медиа тәуелділік себептері мен салдарларын репрезентациялау модельдерінің типологиясы ұсынылып, дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа, онлайн платформалар мен әлеуметтік желілердегі ерекшеліктері мен ұқсастықтары сипатталды. Медиа тәуелділіктің физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік салдарлары анықталып, олардың алдын алу бойынша ұсыныстар айтылды. Бұл зерттеу қорытындылары ғылыми мақалаларда жарық көріп, диссертация авторының журналистерге арналған нұсқаулығында қолданылды. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған. | Зерттеу жұмысының маңызды теориялық тұжырымдары нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған, маңызды мәлімдемелері толық көлемде дәлелденген. Докторант қазіргі заманғы өзекті әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге: монографиялар, ғылыми мақалалар, диссертациялық жұмыстарға сүйенеді. Барлық дереккөздер сілтемелермен нақты көрсетілген, дәйексөздер дәл және орынды келтірілген. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз. | Зерттеуде пайдаланылған ғылыми әдебиет көздері зерттеліп отырған тақырып бойынша толыққанды әдеби шолу жасау үшін жеткілікті. Диссертация авторы тақырыпқа қатысты отандық және халықаралық шетелдік зерттеушілердің еңбектерін, сарапшылардың жұмыстарын терең талдап, аналитикалық және сыни тұрғыдан шолу жүргізген. Зерттеу тақырыбына әдебиеттер қорын молынан пайдаланып, кең көлемде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | мәліметтер жинақтауы жаңа ғылыми қорытындыларға жетуге ықпал етеді. |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:<br>1) **бар;**<br>2) жоқ. | Зерттеудің теориялық маңыздылығы, ең алдымен, медиа кеңістігіндегі цифрлық үндестіктер мен жаңа медиадағы жаһандық трендтер контексіндегі медиа тәуелділік себептері мен салдарларының репрезентациясын зерттеу арқылы киберқауіпсіздік мәселелері, әлемдік аренада қазақстандық мәдени және ақпараттық контентті ілгерілету, медиа білім беру, ақпараттық сауаттылық, ақпараттық гигиена, ақпараттық диета және цифрлық маска, медиа детокс, медиа иммунитет, медиадағы дофамин теорияларын одан әрі дамытуда көрініс табады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы қазіргі цифрлық коммуникация, медиажурналистика мен масс-медиа салаларындағы кәсіби тәжірибеге нақты үлес қосуымен айқындалады. Қазақстан және Америка жастарының медиа қолдану ерекшеліктерін салыстырмалы түрде кешенді талдауы медиа тәуелділіктің себептері мен салдарларын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақстандық және шетелдік медианың салыстырмалы талдауына сүйенген тәсілдер медиа дискурсындағы нарратив құрылымдарының маңыздылығын терең ұғынуға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелерін журналистика және медиа коммуникация факультеттерінде оқытылатын пәндер мазмұнын жаңғыртуға, қоғамда медиа білім беру, ақпараттық сауаттылық пен медиа иммунитет, сыни ойлау, ақпараттық талғам және медиа экология деңгейін жақсартуға сонымен қатар, ақпарат және медиа саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды дамытуға ұсынуға болады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: | Диссертациялық зерттеу жұмысының практикалық маңызға бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі өте жоғары, себебі бұл жұмыс |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) **ия;**<br>2) жоқ. | журналистика, медиа коммуникация, масс-медиа, интернет журналистика, психология, әлеуметтану, медициналық журналистика салаларындағы оқу курстарына интеграциялануға болатын маңызды ресурс ретінде ұсынылады. Бұл зерттеу білім беру үдерісінде медиа білім беру, ақпараттық сауаттылықты арттыру, сыни ойлауды дамытуға, медициналық журналистиканы қалыптастыруға үлес қосып, әдістемелік семинарлар барысында, арнайы курстар әзірлеу кезінде, сондай-ақ журналистік практикада тиімді қолданылуы мүмкін. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?<br>1) **толығымен жаңа;**<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертацияда ұсынылған практикалық тұжырымдар мен ұсыныстар толығымен жаңа және өзектілігі жоғары, бұл олардың журналистика және масс -медиа, коммуникация, психология, әлеуметтану, медициналық журналистика салаларында практикалық қолдануға маңызды екендігін байқатады. Зерттеу барысында әзірленген журналистерге арналған нұсқаулықты масс-медиа, цифрлық сауаттылық оқу курстарында қолдануға болады. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) **жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның жазу және ресімдеу сапасы ғылыми стильге толықтай негізделген. Диссертант ғылыми ұғымдық-терминологиялық аппаратты еркін меңгергені байқалады, бұл авторға зерттеудің негізгі тұжырымдарын дәл әрі сауатты жеткізуге мүмкіндік береді. Ғылыми дәлелдеу, логикалық жүйелілік, жоғары дәлелдермен негізделген аргументация сияқты тәсілдерді автор орынды және тиімді қолданған. Зерттеушінің ойы айқын дәлелді түрде баяндалған. Нақты деректер мен мәліметтер ғылыми стильде талданған. Нәтижесінде нақты ғылыми тұжырымдар жасалып, зерттеудің талапқа сай орындалуына мүмкін болды. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | Диссертациялық жұмыс ғылыми-теориялық және әдістемелік жағынан жоғары деңгейде орындалған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы нақты нәтижелермен дәлелденген. Онлайн платформалардың, әлеуметтік желілердің, әсіресе Telegram арналардың рөлі нақты әрі айқын көрсетілген. Алайда контент талдауларда қазақ тілді медиа құралдармен қоса, Қазақстан аумағындағы өзге тілдегі медиа құралдарына да талдау жасалғанда, зерттеудің ғылыми құндылығы одан ары артқан болар еді.<br>Бірақ бұл ескерту зерттеудің ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық мазмұнына нұқсан келтірмейді, автордың бұл ескертуді атқару әлеуеті жоғары деп санаймын.<br>Диссертациялық жұмыс теориялық және ғылыми-практикалық маңыздылығы тұрғысынан жоғары құндылыққа ие. |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Зерттеудің негізгі қорытындылары мен тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, халықаралық конференциялардың жинақтарында, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда - 4, халықаралық конференцияларда - 8, Scopus ғылыми журналдардың халықаралық базасына енгізілген шетелдік басылымда - 1 мақаласы жарияланып, талқыланған. Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында талқыланып, сараптамадан өткен. Диссертант АҚШ-тың Michigan State University Center for European, Russian and Eurasian Studies (АҚШ) орталығында «Mass Media in Kazakhstan: Development and Problems» тақырыбында ағылшын тілінде баяндама жасаған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Алимбекова Саягул Кабылбековнаның «Медиа тәуелділік: себептері мен салдарлары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын зерделей келе, зерттеу жұмысы өзекті мәселелерді көтеріп, ғылыми негізде жүйелі түрде талданғаны анық көрінеді. Диссертациялық еңбекті талапқа сай толық аяқталған сапалы зерттеу жұмыс ретінде бағалаймын. Жұмыстағы теориялық және практикалық тұжырымдар тиянақты, бірізді негізделген. Ғылыми жаңалығы мен мазмұны диссертациялық зерттеу талаптарына толық сәйкес келеді. Автор диссертациялық жұмыста өз алдына қойған зерттеу мақсатына жеткен, міндеттеріне сәйкес теориялық және практикалық тұжырымдарды сәтті жүзеге асырған. Осыған орай, диссертант Алимбекова Саягул Кабылбековнаның диссертациялық еңбегі «6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға әбден лайық деп есептеймін. |

**Ресми рецензент:**
**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**
**КеАҚ Басқарма мүшесі –Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры,**
**PhD доктор** **Ертай Сұлтан**